Әділет

# Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1430. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша):

1) Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақытылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын 30 маусымға және 30 желтоқсанға Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалуы жөнінде ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жыл сайын 10 қаңтарға және 10 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін. <*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.15. N 651 қаулысымен .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1430 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған Бағдарламасы**

Ескерту. Бағдарламаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1216 қаулысымен .

**Астана, 2002 жыл**

## 1. Бағдарламаның паспорты

| | |
|---|---|
| Бағдарламаның атауы | Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы |
| Әзірлеу үшін негіздеме | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасы |
| Әзірлеушілер мен орындаушылар | Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Әділет министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Ақпарат министрлігі, Мәдениет министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы), Кедендік бақылау агенттігі, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік, Ұлттық Банк, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері <*> |
| Негізгі мақсаты | құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, бұл жұмысқа барлық мемлекеттік органдарды, қоғамдық құрылымдар мен халықты тарту, |

құқық бұзушылықтың алдын алуды және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз етуде жергілікті атқару органдардың рөлі мен жауапкершілігін арттыру

Негізгі міндеттері — құқық бұзушылықтың мақсатты әлеуметтік-құқықтық алдын алуды жүзеге асыру; қылмысқа қарсы күресте азаматтардың мүдделілігін арттыру, халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру; ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне, терроризмге және экстремизмнің өзге де көріністеріне, заңсыз көшіп келуге, экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасаудың сенімді жүйесін құру

Негізгі күтілетін нәтижелер — құқық бұзушылықтардың әлеуметтік алдын алудың тиісті жүйесін құру үшін негіз қаланады; қылмысқа қарсы күрес күшейе түседі; халықтың құқықтық сана-сезімінің деңгейі, олардың мемлекет пен құқық қорғау органдарына сенімі жоғарылайды

Қаржыландыру көздері — Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға арналған болжамды шығыстар 2288,966 млн. теңгені құрайды, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен - 1036,295 млн. теңге (2003 жылы - 564,0 млн. теңге, 2004 жылы - 472,295 млн. теңге), жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен - 1252,671 млн. теңге (2003 жылы - 597,66 млн. теңге, 2004 жылы - 655,011 млн. теңге) <*>

Іске асырудың мерзімдері мен кезеңдері — 1-кезең - 2003 жыл 2-кезең - 2004 жыл

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.15. N 651 қаулысымен .

## 2. Кіріспе

Құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қоғамның тұрақты өмір сүруінің және үдемелі дамуының, қазақстандық азаматтардың өмір сүру деңгейіне лайықты жағдайлар жасаудың конституциялық шарты болып табылады.

Осы міндеттер кешенінің барлығын шешу мемлекеттің ұдайы қолдауынсыз, республикалық және жергілікті билік және басқару органдарының күш-жігерін біріктіру мен үйлестірусіз, мемлекеттік емес құрылымдардың, қоғамдық бірлестіктердің және халықтың белсенді араласуынсыз мүмкін емес.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу қажеттігі осыдан туындайды.

Бағдарлама қылмысқа қарсы күрес саласында бұрын қолданыста болған бағдарламаларға қатысты сабақтастық қағидатын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарын, Қазақстан Республикасының 1999-2005 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын және басқа да бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде дайындалды.

Бағдарлама негізінен ведомствоаралық және үкімет деңгейінде шешуді талап ететін қағидатты сипаттағы ережелерден тұрады. Бір ғана ведомстволық және аймақтық сипаттағы іс-шараларды тиісті ведомстволық жоспарларға және аймақтық бағдарламаларға енгізу көзделеді.

## 3. Құқықтық тәртіп пен заңдылық ахуалын талдау

Құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар қабылдайтын шараларға қарамастан, соңғы жылдары қылмысқа қарсы күресте түбегейлі өзгеріс болмай отыр.

Егер елімізде 1999 жылы 139 мыңнан астам жалпы қылмыстар тіркелген болса, 2001 жылы 152 мыңға (+ 9,1 %) жетті. Криминогендік ахуал осы кезеңде ауыр және аса ауыр қылмыс түрлерінің өсуімен күрделене түсті, олардың саны 2001 жылы 19 %-ға өсіп, яғни қылмыс 81 мыңға жуықтады. Денсаулыққа ауыр зиян келтіру, зорлау, бөтен біреудің мүлкін ұрлау, тонау мен қарақшылық шабуылдар саны азаймай отыр.

Құқық қорғау органдары жазасыз қалдырмауды тиісті деңгейде қамтамасыз етпейді.

Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша қабылданып жатқан шаралар бірдей емес. Қылмыстық топтар билік және басқару органдарындағы сыбайлас

жемқорлық байланыстарын жиі пайдаланады. Құқық қорғау органдарының қызметі әлі күнге дейін бытыраңқы және жүйесіз сипатта болып отыр.

Көбіне сыбайлас жемқорлық көріністерімен байланысатын экономикалық қылмыстар кеңінен таралған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті біршама жандандыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес негізінен ұсақ пара алушылар мен талан-таражға салушыларды анықтаумен шектелген, ал бұл жұмыстың нәтижелері еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың таралуына сәйкес келмейді.

Есірткілердің заңсыз айналымы мен нашақорлықтың таралу проблемасы елімізде шиеленісе түсуде. Есірткілерге сұраныс едәуір артып, "ауыр" есірткілердің үлесі ұлғайып отыр. Есірткілерді пайдалануға көбіне кәмелетке толмағандар мен жастар үйір болуда. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің аймақтық бағдарламалары көптеген аймақтарда іске асырылмай қалып отыр.

Қазақстанның шекарасына таяу жерлерде діни экстремизм мен терроризм қаупінің өсуі жағдайында құқық қорғау органдары, ішкі әскерлер жеке құрамының жауынгерлік дайындығын арттыру және тыныс-тіршілік жүйелерінің және басқа да маңызды инфрақұрылым объектілерінің жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қабылданып жатқан шаралар одан әрі күшейтуді талап етеді.

Заңсыз көшіп келу еліміз қауіпсіздігінің мүдделерін қозғайтын үлкен проблеманың бірі болып отыр. Ауғанстан, Шри-Ланка және әскери-саяси ахуалы тұрақсыз басқа да елдердің азаматтарын Қазақстан арқылы заңсыз өткізу әрекеттері орын алуда. Заңсыз көшіп келу жолдарын жабу және олардың жолын кесу жөніндегі Ішкі істер министрлігі мен басқа да мемлекеттік органдардың күш-жігері әлі мардымсыз болып отыр. Бұған, ең алдымен, ведомстволардың осы саладағы іс-қимылдарының бытыраңқылығы, үйлестіру мен тиісті заңнамалық база жеткіліксіздігі себеп болуда.

Құқық бұзушылықтардың әлеуметтік алдын алуды қамтамасыз етуде мемлекеттік билік органдарының, қоғамдық ұйымдардың рөлі әлі күнге дейін төмен.

Жастарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мәселелері шешілмеген, қадағалаусыз қалған балалар көбеюде. Қылмыстық жауапкершілікке тартылатын кәмелетке толмағандардың жартысынан астамы оқымайды не қандай да бір жұмыспен қамтылмаған. Қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттерді жауапкершілік туындайтын жасқа жеткенге дейін жасайтын балалар мен жасөспірімдер саны кемімей отыр.

Ішкі істер органдарының алдын алу есептерінде алкоголизмнен емдеуді қажет ететін 160 мыңнан астам адамдар, 47 мың нашақорлар тұр. Әрбір екінші кісі өлтіру, әрбір қарақшылық шабуыл алкогольдік немесе есірткілік мас күйде жасалады.

Тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны жалпылай төмендеп отырғанымен, (1999 жылы 5 миллион 423 мыңнан 2001 жылы 4 миллион 387 мыңға дейін) соңғы жылдары отбасы - тұрмыстық қарым-қатынастар саласында жасалған құқық бұзушылықтардың өсу үрдісі байқалуда. Егер 1999 жылы көрсетілген саладағы олардың саны 195 мыңды құраса, онда 2000 жылы ол 203 мыңға, ал 2001 жылы - 234 мыңға жетті.

Сонымен қатар, алдын алу жұмыстарының деңгейі өте төмен, алкоголизммен және нашақорлықпен ауыратындарды емдеуге арналған емдеу-алдын алу мекемелерінің саны аз, салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі мақсатты жұмыстар жүргізілмейді.

Елімізде рецидивтік қылмыс деңгейі төмендемей отыр. Алайда, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу мәселелері қанағаттанғысыз шешілуде.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесін қалыптастыру, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, бұл қызметке барлық мемлекеттік органдарды, қоғамдық құрылымдар мен халықты тарту, құқық бұзушылықтардың алдын алуды және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз етуде жергілікті атқарушы органдардың рөлі мен жауапкершілігін арттыру;

қылмысқа қарсы іс-қимыл жасау бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігін арттыру, оның ұйымдасқан нысандарына, есірткі бизнесіне, терроризмге, экстремизмге, заңсыз көшіп келуге, экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту;

заңдылық пен құқықтық тәртіпті одан әрі нығайту, азаматтардың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

Бағдарламаның міндеттері:

құқық бұзушылықтардың, оның ішінде кәмелетке толмағандар мен жастар арасында мақсатты әлеуметтік-құқықтық алдын алуды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік оңалтуды, бөтен біреудің мүлкіне қылмыстық қол сұғудың алдын алуды жүзеге асыру;

қоғамдық қауіпсіздікті, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, құқық бұзушылықтардың алдын алуда және қылмысқа қарсы күресте жергілікті атқарушы органдардың рөлі мен жауапкершілігін арттыру;

қылмысқа қарсы күресте азаматтардың мүдделілігін арттыру, қоғамдық сана-сезімнің криминализациялануын болдырмау, халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне, терроризмге және экстремизмнің өзге де көріністеріне, заңсыз көшіп келуге, экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасаудың сенімді жүйесін құру;

құқық қорғау және арнайы органдардың қызметін техникалық қайта жарақтандыру мен ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

құқық қорғау және арнайы органдардың кадр саясатын жетілдіру, олардың қызметкерлерінің біліктілігі мен шеберлігін арттыру;

қылмысқа қарсы күрестің құқықтық базасын одан әрі дамыту;

ұйымдасқан қылмысқа, есірткілердің заңсыз айналымына, сыбайлас жемқорлық пен терроризмге қарсы күрес саласындағы қызметті жүзеге асыратын шетел мемлекеттерінің құқық қорғау органдарымен және арнайы қызметтерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өкілдерімен ынтымақтастықты кеңейту.

## 5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі Құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқықтық тәртіпті нығайту

### 5.1. Құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету

Қазіргі жағдайда қылмыстың алдын алу Қазақстандағы қылмысқа қарсы күрестің мемлекеттік саясатының маңызды құрамдас бөлігі болуы керек. Соңғы онжылдықта қалыптасқан қылмысқа қарсы күрестің тек күш қолдану шараларын бағдарға алу оң нәтиже бермей отыр.

Еліміздегі криминалдық ахуалды тұрақтандыру және кейіннен әлсірету жергілікті деңгейде де, республикалық деңгейде де құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімді жүйесін құрусыз, құқық қорғау органдары мен басқа да мемлекеттік органдардың халықпен байланыстарын белсенді дамытусыз мүмкін емес. Ескерту жұмыстары мұндай байланыстардың өзін ақтап шыққан бұрынғы, дәстүрлі нысандарын қалпына келтіруді, сондай-ақ еліміздің өзгеріп отырған әлеуметтік-экономикалық ахуалына сәйкес келетін өзара іс-қимыл жасаудың жаңа нысандарын іздестіру мен практикаға енгізуді талап етеді.

Көшелер мен қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтар деңгейін қысқарту міндеті қызмет атқарудың нысандарын және әдістерін жетілдіруді, техникалық қадағалау мен байланыс жүйелерін дамытуды, патрульдеу кезінде едәуір икемді көлік құралдарын және қызметтік жануарларды белсенді пайдалануды, елді мекендердегі қоғамдық тәртіпті сақтауды, оның ішінде қоғамдық құрылымдар мен халықты белсенді түрде тарту есебінен күнделікті жүзеге асыратын күштер санын көбейтуді, моральдық және материалдық ынталандырудың пәрменді жүйесін әзірлеуді, құқықтық тәртіпті қалыптастыруға қатысушы адамдарды құқықтық және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуді көздейді.

## 5.2. Кәмелетке толмағандардың арасындағы қадағалаусыз қалу мен құқық бұзушылықтардың алдын алу

Еліміздегі криминогендік ахуалдың барлық параметрлеріне болашақта ықпал етуі ескеріле отырып, кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын қылмыстардың алдын алу ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Соңғы жылдары жасөспірімдер ортасының криминализациялануының тұрақты өсу үрдісі қалыптасқан, олар жасаған қылмыстардың 75 %-ы ауыр және аса ауыр қылмыстар (оның ішінде кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, қарақшылық шабуыл) болып табылады. Кәмелетке толмағандар топтасып жасайтын қылмыстардың алдын алу өзекті проблема болып отыр. Қылмыстық қол сұғушылықтарға қатысатын кәмелетке толмағандардың жартысына жуығы оқушылар мен студенттер болып табылады. Көптеген жасөспірімдер құқыққа қарсы іс-қимылды алкогольдік мас күйінде жасаған немесе бұған дейін қылмысты болған.

Әртүрлі себептер салдарынан әлеуметтік жетімдік және балалардың кезбелікке салыну проблемасы шиеленісе түседі.

Мұндайда елімізде ауыр өмірлік жағдайға душар болған және әлеуметтік оңалтуды қажет ететін кәмелетке толмағандарға арналған мамандандырылған мекемелер желісін кеңейту өзекті міндет болып табылады. Алайда еліміздің көптеген аймақтарында мұндай мекемелер жоқ.

Мұндай мекемелердің тиісті санының болмауы мемлекет тарапынан уақытылы көмек көрсетілмегендіктен, қадағалаусыз қалған балалардың құқық бұзушылар қатарын толықтыруда.

Елімізде қылмыстық жауапкершілік туындайтын жасқа жеткенге дейін қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасаған жасөспірімдерге арналған жабық үлгідегі мамандандырылған оқу-тәрбие мекемелері де жоқ. Жыл сайын осындай жастағы 3 мыңға жуық кәмелетке толмағандар қылмыс жасайды, олар жазалау және қайта

тәрбиелеу шараларына тартылмастан жасөспірімдер ортасына теріс ықпал етеді.

Қазіргі кезде республикада Тараз қаласындағы 150 адамға арналған жабық үлгідегі мамандандырылған жалпы білім беретін бір ғана мектеп жұмыс істейді. Мұндай мекемелердің жетіспеушілігіне қарамастан, олардың саны көбеймей отыр. Әрбір аймақта кәмелетке толмағандарға арналған жабық үлгідегі арнайы жалпы білім беретін мекемелерді құру кәмелетке толмағандармен жүргізілетін алдын алу жұмыстарының тиімділігін арттыруға және жасөспірімдер ортасындағы криминогендік ахуалды тұрақтандыруға ықпал етер еді.

Кәмелетке толмағандардың есірткі құралдарын пайдалануға әуестену деңгейі төмендемей отыр. 3,5 мың кәмелетке толмағандар, олардың 400-ден астамы " нашақор" диагнозымен Денсаулық сақтау министрлігі мекемелерінде есепте тұр. Сарапшылардың пікірі бойынша нашақорлықпен ауыратындардың нақты саны ресми деректерден бірнеше есе артық.

Кәмелетке толмағандарға қатысты сот әділдігін атқару мамандығын жүзеге асыруға бағытталған және бірінші кезекте жасөспірімдердің қылмыс жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, сондай-ақ оларға бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шараларын қолдануға бағдарланған ювеналды әділет жүйесін енгізу бойынша Алматы қаласында және Алматы облысында өткізілген эксперименттің нәтижелерін қорыту қажет.

## 5.3. Маскүнемдіктің, алкоголизм мен нашақорлықтың алдын алу

Маскүнемдіктің, алкоголизм мен нашақорлықтың қоғамдық қаупі азаймай отыр. Тұрмыстық маскүнемдік отбасына, халықтың денсаулығына және мемлекеттің экономикасына орны толмас зиян келтіруде. Маскүнемдік, әсіресе жасөспірім жасындағы, көбінесе есірткі құралдарын теріс пайдалануға ұласады. Жеке адамның алкогольдік азғындауы оның әлеуметтік байланыстарын, мүлкі мен тұрғын үйін жоғалтуына әкеліп соғатын негізгі себептердің бірі болып табылады.

Бұл құбылыстың таралушылық жағдайын алкогольдік өнім мен алкоголизмнің таралуына қарсы іс-әрекет жасаудың мемлекеттік саясатының болмауы одан әрі ушықтыра түседі. Бұқаралық ақпарат құралдарында маскүнемдіктің зиянды зардаптарын түсіндіру жөніндегі жұмыстар мүлдем қалыс қалған, оқу орындарында алкогольге қарсы тәрбиелеу жеткілікті түрде жүзеге асырылмауда. Спирт ішімдіктеріне оңай қол жеткізу, оларды пайдалануға үгіттейтін көптеген жарнамалар кәмелетке толмағандарға спирт ішімдіктері мен темекі бұйымдарын сатуды шектеудің тиімсіздігімен қатар өскелең буынның есірткіге тұншығуына қолайлы жағдай туғызады.

Құқық қорғау органдарының қызметі есірткілердің таралуын тоқтататын

факторлардың бірі болып табылады, алайда қылмыстық репрессиялар жолымен нашақорлық проблемасын шешу мүмкін емес.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы маскүнемдік пен нашақорлықтың алдын алуда мектеп пен басқа да білім беру мекемелеріндегі оқу және тәрбие мәселесін дұрыс ұйымдастырудың едәуір маңызы бар.

Оқу орындарында медициналық алдын алу кабинеттерінің болмауынан спирт ішімдіктері мен есірткі заттарын пайдаланатын балалар мен жасөспірімдерді анықтау үшін оқушыларға ұдайы тексерулер жүргізу жүзеге асырылмайды. Нашақорлық ауытқуларға душар болған балалар ересек нашақорлармен және алкоголиктермен бірге қарапайым медициналық наркологиялық мекемелерде емделеді, олардың мұндай адамдармен қарым-қатынаста болуы кері әсерін тигізеді.

Маскүнемдікке және нашақорлыққа қарсы тиімді күрес жүргізу қоғамның барлық салауатты күштері біріккен кезінде, орталық және жергілікті атқарушы органдардың үйлесімді қызметі нәтижесінде мүмкін болады.

Салауатты өмір салтын насихаттау, алкогольге қарсы және нашақорлыққа қарсы, ең алдымен өскелең ұрпақтың тұрақты иммунитетін қалыптастыру маскүнемдіктің, алкоголизмнің, нашақорлықтың алдын алудағы басым бағыттар болуы тиіс.

Алкоголизмге, нашақорлыққа, уытқорлыққа душар болған адамдарды мәжбүрлі түрде емдеуге арналған наркологиялық ұйымдардың, есірткіге мойынұсынған адамдарды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды медициналық-әлеуметтік сауықтырудың мамандандырылған орталықтарының санын көбейту, жалпы білім беретін мектептер мен басқа да оқу орындарында психобелсенді заттарды пайдалануын анықтау тұрғысында оқушыларды ұдайы тексеріп отыратын медициналық кабинеттерді ашу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру керек.

Жалпы білім беретін және кәсіби мектептерде оқу процесін жетілдіру, мұғалімнің рөлі мен мәртебесін арттыру, білім берудің мектептен тыс ұйымдары желісін кеңейту жөніндегі шараларды қабылдау, балалар музыкалық, көркем сурет мектептерінің, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Сондай-ақ, мұндай мектептерге аз қамтылған отбасынан шыққан балалардың бару мүмкіндігін атаулы қаржыландыру тетігін құру қажет.

### 5.4. Рецидивті қылмыстардың алдын алу

Қылмыстық атқару жүйесін ізгілік жолына бұру және кейінгі уақытта жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік бейімдеу жөніндегі шаралар қайта қылмыс

жасағаны үшін бақылау мен жауапкершілікті күшейтуге ұласып, бұрын сотталғандар арасындағы криминогендік ахуалдың тұрақтануына әкелді.

2001 жылы бұрын қылмыс жасаған адамдар тарапынан жасалған 18 мыңға жуық қылмыс тіркелген, бұл соңғы жеті жыл ішіндегі ең төменгі көрсеткіш болып табылады.

Сонымен қатар, қайта жасалатын қылмыстардың алдын алу жөніндегі құқық қорғау және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырып жатқан шаралар жеткіліксіз. Мұндай санаттағы азаматтарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру мәселелері тиісті түрде шешілмей отыр.

Ірі қалаларда тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік оңалту орталықтарын құру және жұмыс істеп тұрған Орталықтарда орындар санын көбейту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Қайта жасалатын қылмыстар ахуалын бақылауды қамтамасыз ету мәселелерінде бұрын сотталғандармен жеке-алдын алу жұмысын ұйымдастыруға маңызды мән берілуі тиіс.

## 5.5. Қоғамның құқықтық мәдениеті деңгейін арттыру

Жеке адамның құқыққа сай мінез құлқын қалыптастырудың негізі және сонымен қатар оның өлшемі болып табылатын қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі тұрақты да мақсатты жұмысты жүргізусіз құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы мүмкін емес.

Өзінің құқықтары мен міндеттері туралы заң білімдерінің қажетті деңгейінің болуы әрбір жеке тұлғаның дамуы үшін міндетті шарт болуы тиіс, ал оларды иемденуге ұмтылу оның ішкі сеніміне сәйкес келуі керек, заң нормаларын орындау жазадан қорқумен емес, белсенді азаматтық-құқықтық ұстаныммен айқындалуы тиіс. Қоғамның әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жасау проблемаларын сезіну деңгейін арттыру қажет.

Бұл міндеттерді іске асыру әрбір адам үшін міндетті болуы тиіс құқық нормаларын білумен және оларды қолдана алумен, ал құқық әділеттігіне деген құрметтің кез келген даулы жағдайларын шешу үшін күш қолдану әдістерін пайдаланудан бас тартуды анықтайтындығына байланысты құқықтық ойлау таптаурындарын бірінші кезекте өзгертуге бағытталған қоғамның ақпараттық-құқықтық қамтамасыз етудегі біртұтас жүйесін құруды болжалдайды .

Халықтың құқықтық білімін және құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар мемлекеттік деңгейде құқықтық тәртіп пен қылмысқа қарсы күресті нығайту саласын жан-жақты және объективті түрде бағалау талап етіледі.

Қоғаммен байланыс жасауды кеңейту және тереңдету, бұл жұмысқа барлық

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарды тарту, сондай-ақ облыстық және аудандық орталықтардың тұрғындарымен, ауыл тұрғындарымен, пәтер иелері кооперативтерімен, педагогикалық ұжымдармен және оқу орындарының оқушыларымен мақсатты түрде жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек.

## Қылмысқа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі шаралар

### 5.6. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес. Қылмыстарды ашу және тергеу

Құқық қорғау фискалдық және арнайы органдардың өзара іс-қимыл жасау деңгейін арттырусыз, олардың қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттырусыз ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестің табысты болуы мүмкін емес.

Ұйымдасқан қылмыстық топтардың экономикалық негізін, оларды қаржыландырудың көздерін және қылмыстық жолмен табылған ақша қаражаттарын заңдастыру арналарын анықтау мен жою жөніндегі кешенді шараларды іске асыру, сондай-ақ кәсіпкерлерді криминалдық құрылымдар тарапынан қылмыстық қол сұғушылықтардан тиімді қорғау құқық қорғау және арнайы органдардың үйлесімді, келісілген және кәсіби іс-қимылдардың нәтижесінде ғана мүмкін болады.

Соңғы жылдары қылмыстың кемімеуі және оның түрленіп отыруы жедел тергеу бөлімшелерінің қызметін жетілдіруді, олардың өзара іс-әрекет жасасуын жақсартуды, құқыққа қайшы көріністерге тиісінше қимыл көрсетуді талап етеді.

### 5.7. Есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күрес

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресті күшейту мақсатында болып жатқан процестердің тереңдігін, ауқымы мен үрдістерін тиісінше бағалау маңызды. Мемлекет пен қоғамның осы саладағы мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеретін аса тиімді және мейлінше шығынсыз теңгерімді шаралар кешенін Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүзеге асыру қажет. Құқық қорғау және арнайы органдар "Мак", "Допинг", "Канал", "Арна" кешенді жедел-алдын алу операцияларын және құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді заңсыз өсіруді анықтауға, өздігінен өсетін сораны, эфедраны жоюға, есірткілердің заңды айналымы жүйесіндегі құқық бұзушылықтарды анықтауға, оларды өткізу арналарын жабуға, жасырын

есірткі зертханаларын анықтау мен жоюға, сондай-ақ шекара арқылы есірткілерді заңсыз өткізудің жолын кесуге бағытталған өзге де іс-шараларды жүргізу практикасын жалғастырады.

Шекаралас аймақтарда есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес саласында өзара іс-қимыл жасау жөніндегі ведомствоаралық орталықтарды құру туралы мәселе қаралатын болады.

## 5.8. Терроризмге, экстремизмнің өзге де көріністеріне және заңсыз көшіп келуге қарсы күрес

Алдын алу сипатындағы шаралар, елімізде терроризмге қарсы іс-қимыл жасаудың бірыңғай жүйесін жетілдіру, қылмыстардың осындай түрлерінің алдын алу мен жолын кесу жөніндегі құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар дайындығының қажетті дәрежесі мен олардың қызметін мемлекеттік деңгейде үйлестіруді қамтамасыз ету терроризм мен экстремизм көріністеріне қарсы күрестің негізін құрайды.

Қазақстан Республикасының ТМД-ға кіретін мемлекеттермен жалғасатын мемлекеттік шекарасының "ашықтығы" Қазақстанға жақын және алыс шетелдерден заңсыз көшіп келудің өсуіне әкеліп соғатын реттелмеген көші-қон процестері, сондай-ақ шетелдерден криминогенді элементтің, қарудың, есірткілердің енуі үшін қолайлы жағдай туғызады.

## 5.9. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

Республика экономикасы криминалдық қарым-қатынастардың енуінен және шаруашылық жүргізудің әртүрлі салаларында криминалдық өрістердің пайда болуынан нашар қорғалған күйінде қалуда. Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарының едәуір бөлігі, әсіресе сыртқы экономикалық қызмет саласында латентті болып табылады.

Жекелеген қылмыстық топтардың іс-қимылы көбіне ұйымдасқан сипатқа ие бола отырып, еліміздегі әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың барлық жүйесі үшін едәуір қауіп төндіреді.

Осыған орай, теріс пайдаланушылықты болдырмау мақсатында қаржы-шаруашылық қызмет саласында мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру, құқық қорғау органдары жұмысының нәтижелілігін, экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау нысандарын және әдістерін арттыру, оның ішінде құқық қорғау, фискалдық, қаржы және басқа да

мемлекеттік құрылымдардың күш-жігерін біріктіру жолымен арттыру негізгі міндеттер болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарында, Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жазылған ережелерді іске асыру олардың қызметтерінің басым бағыттары болып табылады.

## 5.10. Қылмысқа қарсы күресті ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету

Ішкі істер органдарында шоғырландырылған деректер банкін бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу, ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу жөніндегі міндеттерді іске асыру қылмысқа қарсы күресте барлық құқық қорғау органдарының жедел-іздестіру және анықтамалық сипаттағы бір орталықтандырылған біріктірілген деректер банкін (адамдарды, қару мен автокөлікті іздестіру "криминалдық емес" қару мен автокөлік; полиция үшін жедел қызығушылық туғызатын адамдар, т.б.) құруына және пайдалануына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының бірыңғай ақпараттық кеңістігін құрудың алғышарттары құралады.

Бұл үшін сондай-ақ Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін құру жөніндегі жобаны іске асыру, республика аумағына шетелдіктердің кіруін-шығуын бақылаудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін құру жөніндегі жұмысты аяқтау, ішкі істер органдарының Бас прокуратураның жанындағы ҚСжАО(Д)-дағы (Алматы қаласы) тегі бойынша картотеканың орталық банкінен мәліметтерді жедел талап етуі жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру, ішкі істер органдарында прокуратура органдарының біріздендірілген статистикалық жүйесі деректерінің базаларына қашықтықтан ену жүйесін (түзету құқығынсыз) енгізу керек.

"Папилон" АДАЖ базасында ішкі істер органдарының бірыңғай дактилоскопиялық жүйесінің орталық кешенін, сондай-ақ қашықтықтағы кешендер желісін құру көзделеді.

Болашақта ішкі істер органдарының бірыңғай дактилоскопиялық жүйесін прокуратура органдарының дактилоскопиялық картотекасымен ұштастыруды іске асыру қажет.

Астана және Алматы қалаларында жедел басқару орталықтарын пайдалануға

беру ақпараттық технологиялар, байланыс және телекоммуникациялар саласындағы қазіргі заманғы жетістіктерді пайдалану арқылы ішкі істер органдарының әртүрлі басқару буындарында ақпараттық жүйелерді құрудың тиімділігін растап отыр.

Бағдарлама шеңберінде Өскемен және Қостанай қалаларында ЖБО салу ұйғарылып отыр.

## 5.11. Құқық қорғау органдарының қызметіндегі заңдылықты нығайту

Құқық қорғау органдарының қызметінде заң нормаларын сақтаудан ауытқу құқық қорғаудың оң үрдістерін ғана емес, сонымен қатар қоғамды демократияландыру, жаңа Қазақстандық мемлекеттіктің қалыптасуы, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау кепілдіктерін күшейту процестерін тұрақсыздандыру факторы болып табылады.

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарының басым тұжырымды міндеті ретінде заңға құлықты азаматтарды, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды айқындап берді. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарынан туындайды.

Құқық қорғау, арнайы органдардың, соттардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі конституциялық кепілдіктерді қамтамасыз ету білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге, адвокаттардың өз міндеттерін тиісінше атқармағаны үшін жауапкершілігін күшейтуге, азаматтарды баламалы негізде сараптамалардың барлық түрлерін жүргізу мүмкіндіктерімен толық қамтамасыз етуге бағытталған кейбір заңнамалық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қамтитын өзара байланысты шаралар кешенін іске асыруды талап етеді.

"Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың айқын тетігін әзірлеу қажет.

Құқық қорғау органдары мен соттарда есірткі құралдарын сақтау және жою тәртібін ретке келтіру есірткілердің қосарланған айналымға түсу, оларды дәлелдемелерді бұрмалау үшін пайдалану мүмкіндіктерін және басқа да заңсыз әрекеттерді қысқартады.

Қаза болғандар, зардап шеккендер, медициналық мекемелерге жеткізілгендер туралы азаматтардың уақытылы хабардар етілуі және "Қайғылы оқиғалар бюросын" құру алдын алу шараларына жатады, сондай-ақ азаматтардың құқық қорғау органдары мен медициналық мекемелерге мақсатсыз жүгінуін болдырмайды.

Заңдылықты нығайту, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау туралы талаптар құқық қорғау органдары ұжымдарындағы жоғары ұйымдастырушылық және адамгершілік-тәрбие жұмыстарымен нығайтылуы тиіс.

## 5.12. Құқық қорғау органдарының кадр саясатын жетілдіру

Еліміздің құқық қорғау органдары қызметін кадрлармен қамтамасыз ету өзекті проблема болып отыр. Құқық қорғау органдары, әсіресе кадрлардың тұрақтамауы өте жоғары болып отырған ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейі уақыт талабына сай емес. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тарапынан болатын заң бұзушылықтар, азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеу жоғары деңгейде қалып отыр.

Азаматтың, қоғамның, мемлекеттің мүдделеріне жауап беретін дәйекті кадр саясатын жүзеге асыру қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін азаматтардың конституциялық құқықтарын, олардың ар-намысын құрметтеуге тәрбиелеу, азаматтарға тілектестік қарым-қатынасты қалыптастыру кадр саясатының басым бағыты болуы тиіс.

Құқық қорғау органдарының кадрларын іріктеуді, даярлауды және қайта даярлауды қайта қарау, олардың қызметкерлері үшін әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз ету, тұрақты кәсіби кадр тобын қалыптастыру мен нығайту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру керек.

Қызметтің нақты бағыттары бойынша практикадағы қажеттіліктермен барынша байланыстыра отырып, ведомстволық оқу орындарында мамандар даярлау деңгейі арттыру талап етіледі.

Арнайы, жауынгерлік, дене шынықтыру даярлығын, жеке құрамның біліктілігін арттыру жүйесі жетілдіруді қажет етеді, оның материалдық-техникалық базасын нығайту керек.

Заңдылықты және қызметкерлердің тәртібін нығайту, өз қатарларында сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы әрекет жасау бойынша күш-жігерді үдете түсу жөніндегі жұмыстар құқық қорғау және фискалдық органдарды реформалау жөніндегі шаралар кешенінің маңызды құрамдас бөлігі болуы тиіс.

## 5.13. Қылмысқа қарсы күрестің құқықтық базасын одан әрі дамыту

Қазіргі кезде құқық жүйесін құқық қорғау органдары қызметіндегі жазалау-қуғын-сүргінге ұшырату бағытынан және сот өндірісінде айыптауға

бейімделуден тазарту белең алуда. Қабылданған заң актілерінің барлық маңыздылығына қарамастан адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту мақсатында қылмысқа қарсы күрес бағытындағы қолда бар құқықтық базаны одан әрі дамыту және жетілдіру қажеттігін мойындамауға болмады.

Қылмыстық заңнамада адам құқықтары мен бостандықтарының заңмен қорғалатын жоғары әлеуметтік құндылықтар ретінде бастапқы және ажырамас екендігін мойындау керек.

Осыған орай қылмыстық саясат ізгілік пен декриминализация, сонымен қатар ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту бағытында дамуы тиіс.

Қылмыстардың алдын алу, жедел-іздестіру қызметін жетілдіру, азаматтардың заңды орындаудағы құқықтық сана-сезімін қалыптастыру басым бағыттар болуы керек.

Қылмысқа қарсы күрес саласында құқықтық реттеудегі олқылықтардың орнын толтыру қажет. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың аса айқын тетігін әзірлеу, "ұйымдасқан қылмыс" ұғымына анықтама беру талап етіледі. Қылмыстық кодекстің баптарында көзделген қылмыстарды сыбайлас жемқорлыққа жатқызу тек қана заң бойынша белгіленуі тиіс.

Адамдардың әртүрлі санаттарын іздестірумен байланысты заңнама нормаларын нақтылай түсу қажеттілігі пісіп жетілді. Ол барлық мемлекеттік органдардың қылмыскерлерді іздестірудегі рөлін және оған қатысуын; тергеуден, анықтау мен соттан жасырынған; алимент төлеуден жалтарушы; хабарсыз жоғалған адамдарды; азаматтық істер бойынша жауап берушілер мен борышкерлерді; мемлекеттік органдар іздестіретін өзге де адамдарды айқындау мүмкіндігін береді.

Қабылданған заңдарды іске асыру мақсатында заңға тәуелді кесімдерді уақытында әзірлеу және қабылдау талап етіледі.

Сондай-ақ, азаматтарды қылмыстық қудалау, істерді сотта қарау барысында оларға қызметтер көрсететін аудармашыларға еңбекақы төлеу жөніндегі есептің ( тарифтің) бірыңғай ережелерін әзірлеу орынды болмақ.

Халықаралық қауымдастыққа төнген қауіпті ескере отырып, трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың және оның аса қауіпті көріністерінің - терроризмнің, діни экстремизмнің, есірткі бизнесінің, адамдарды саудалаудың, қару мен оның оқ-дәрілерін заңсыз әзірлеудің және олардың айналымының, сыбайлас жемқорлық сипатындағы, оның ішінде ақшаның жылыстауы саласына жататын қылмыстардың алдын алу мен жолын кесу саласындағы заңнаманы жетілдіруге ерекше назар аудару керек.

## 5.14. Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық

Қылмысқа қарсы күрес саласындағы Қазақстан Республикасының 2003-2004 жылдарға арналған халықаралық ынтымақтастығын дамыту шетел мемлекеттерінің құқық қорғау органдарымен өзара практикалық іс-әрекет жасауын нығайтуға бағытталатын болады, ол ұлттық заңнамаға және халықаралық міндеттемелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Шетел мемлекеттерінің құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-әрекет жасаудың аса прогрессивті нысандарын реттейтін қылмысқа қарсы күрес саласындағы екі жақты ынтымақтастықтың шартты-құқықтық базасын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Оның ішінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен, әсіресе Еуразиялық экономикалық қоғамдастық және Орталық Азия қоғамдастығы мемлекеттерінің тиісті құрылымдарымен екі жақты пішімді диалогты жандандыру түсу қажет.

Еуропа Одағы мемлекеттерінің құқық қорғау органдарымен кәсіби байланыстар орнату айрықша көңіл бөлуді талап етеді.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының Біріккен Ұлттар Ұйымының құқық қорғау саласындағы жобалары мен бағдарламаларына қатысуын жандандыру қажет.

Нақты қадамдар аймақтық ұйымдарды құрайтын мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен өзара қарым-қатынасты нығайтуға бағытталуы тиіс. Осыған орай, басты акцент Ішкі істер министрлерінің кеңесі, Қауіпсіздік органдары мен арнайы қызметтер басшыларының кеңесі, Бас прокурорлар кеңесі , Кеден органдарының кеңесі және басқа да кеңес шеңберінде құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің көпжақты өзара іс-әрекетін қамтамасыз етуге бағытталуы керек. Қылмысқа қарсы күрестің бірлескен шараларының мемлекетаралық бағдарламасын және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық терроризм мен экстремизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрес жөніндегі 2003 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі шараларды қабылдау қажет.

Шекаралас мемлекеттердің ішкі істер органдарымен шекаралық ынтымақтастық басым болуы тиіс.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы, ШЫҰ-ның Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы қызметінің шеңберінде өзара іс-әрекет жасасуды нығайтуға бағытталған шаралардың ерекше мәні бар.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнайы органдары өз құзыреттері шегінде шетел мемлекеттерінің тиісті құрылымдарымен қолда бар әріптестік қарым-қатынастарды нығайту және кеңейту жөніндегі, ең алдымен

қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, бірлескен жедел-іздестіру және алдын алу шараларын, сондай-ақ арнайы операцияларды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі шараларды қабылдайтын болады.

Ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының заңсыз айналымына, терроризм мен өзге де қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы үлгілік халықаралық шарттарды, ведомствоаралық деңгейде көпжақты және екіжақты нысандағы шарттарды жасасу практикасы жалғастырылатын болады.

Мемлекеттің қылмысқа қарсы күрес саласындағы халықаралық Конвенцияларға қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған қадамдарға ықпал ету қажет.

## Бағдарламаны іске асырудың мониторингі

"Іс-шаралар жоспарының" 8-бөліміндегі "Орындалуына жауаптылар" деген бағанда бірінші көрсетілген іс-шараларды орындаушылар ведомствоаралық топтар құра алады, олардың жұмысын белгіленген мерзімдерде есептер алу арқылы ұйымдастырады және бақылайды.

Жауапты орындаушылар бірлесе орындаушылармен бірге іс-шаралардың сапалы әрі уақытылы орындалуына, Бағдарламаны іске асыру үшін бөлінетін қаражаттың ұтымды пайдаланылуына жауап береді.

Қажет болғанда Бағдарламаны іске асыруға қатысатын орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, сондай-ақ тиісті бюджет комиссиялары заңнамада белгіленген тәртіппен Бағдарламаны және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын түзету жөнінде ұсыныстар енгізе алады.

